

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын)
ларынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған
мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы
№3 педагогикалық кеңес

Күні: 11.01.2022
Уақыты: сағ 11:30

Мақсаты: Педагогикалық және басқарушылық жұмыстарды орындауды және бағалауды қамтамасыз ету.

Күн тәртібінде:

1. №2 педагогикалық кеңес қаулысының орындалуы.
Д.Искакова
2. 2021-2022 оқу жылының I жарты-жылдығының оқу-тәрбие жұмыстарының қорытынды есебі.
*М.Кайржанова
Ш.Оспанова*
3. Қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстарының жүргізілуі.
Ш.Оспанова
4. I жартыжылдық бойынша пәндік олимпиадалардың, жоба сайыстарының, білім байқауларының нәтижесі (толық мағлұмат және мониторинг).
С.Кусаинова
5. Тәжірибелі ұстаздар мен жас мамандардың өзара тәжірибе алмасу жұмыстары.
А.Шалабаева
6. «Биология ағылшын тілінде» ерекшелігі.
Б.Торсунова
7. Абай мектептері желісі бойынша оқитын сыныптарда МЖМБС орындалуы.
*Ж.Оңғарбай
А.Ахат
М.Муратов*
8. Мектеп-интернат қауіпсіздігі
*М.Кайржанова
А.Шокаев*

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Д.Искакова сөз сөйлеп, №2 педагогикалық кеңес қаулысының толық орындалғанын мәлімдеді.
2. Екінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Ш.Оспанова II оқу тоқсанының білім сапасының сыныптар мен пәндер бойынша мониторингін ұсынды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Кайржанова жоспар бойынша жүргізілген тәрбие жұмыстары, үйірме жұмыстарының жүргізілу сапасы бойынша есеп берді.
3. Үшінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Ш.Оспанова қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстарының жүргізілуі, қосымша сабақтар кестесі, таңдау пәндері бойынша мағлұмат беріп өтті.
4. Төртінші мәселе бойынша I жартыжылдық бойынша пәндік олимпиадалардың, жоба сайыстарының, білім байқауларының нәтижесіне толық мағлұмат беріп, салыстырмалы мониторинг ұсынды. Жоғары көрсеткіш көрсеткен пәндер мен пән мұғалімдерін атап өтті.
5. Келесі мәселе бойынша тәжірибелі ұстаз, педагог-зерттеуші, математика пәнінің мұғалімі А.Шалабаева тәжірибелі ұстаздар мен жас мамандардың өзара тәжірибе алмасу мақсатында жүргізілген жұмыстар бойынша баяндама оқыды. Баяндамада «Жас мамандар» мектебінің мүшелері жас педагогтерге әдістемелік көмек ретінде ұйымдастырылған іс-шараларды атап өтті.
6. Алтыншы мәселе бойынша биология пәнінің мұғалімі Б.Торсунова «Биология ағылшын тілінде» ерекшелігі атты баяндама оқыды. Биология пәнін ағылшын тілінде оқытудың ерекшелігі және оқытуда қолданылатын тиімді әдіс-тәсіл, технологиялар жайлы баяндап, биология пәнін ағылшын тілінде оқытын 9 Б сыныбының үлгерімін ұсынды.
7. Жетінші мәселе бойынша Абай мектептері желісі бойынша оқытын сыныптарда МЖМБС орындалуы бойынша 7«А», 8 А», 9«А», 10«А» сыныптарындағы қазақ тілі, қазақ әдебиеті, Абайтану пәндерінің білім сапасы көрсеткіші ұсынылып, оқушылардың жетістіктері жайлы есеп берді.
8. Сегізінші мәселе бойынша мектеп-интернат қауіпсіздігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Кайржанова мен АӨТД пәнінің мұғалімі А.Шокаев сөз сөйледі. Қазақстандағы білім беру мекемелерінің қауіпсіздігі, оқушылардың өмірі мен денсаулығы өзекті мәселе екенін атап өтті. Мектептердегі зорлық-зомбылықты болдырмау, мектеп қауіпсіздігі мен түрлі қауіп-қатерлерді бағалау, төтенше жағдайларды жоспарлау мәселелері бойынша мектеп басшылығын, мұғалімдерді және басқа да қызметкерлерді арнайы дайындықтан өткізу керектігін мәлімдеді. Мектептердегі қауіпсіздік шараларын жетілдіріп отыру, төтенше жағдайға дайындық жоспарын жаңарту, қоғамдық қауіпсіздік мәселелері бойынша орталық және жергілікті органдармен әріптестікті нығайту, оқушылардың ата-аналарымен байланыс, әлеуметтік желілердегі жұмыс стратегиясын жоспарлаудың маңызын айрықша атап өтті.

Педагогикалық кеңестің қаулысы:

1. II оқу тоқсанының білім сапасының мониторингісі есепке алынсын. Үлгерімі төмен сыныптардың оқу процесі III тоқсанда әкімшілік тарапынан бақылауға алынсын. Үздік,

- екпінді оқушылар және бір пәннен 4-ке, 3-ке шыққан оқушылардың оқу үлгерімі сынып жетекшілер тарапынан бақылансын. Пән мұғалімдері ерекше назарға алынсын.
2. 2021-2022 оқу жылының I жарты-жылдығының оқу-тәрбие жұмыстары қанағаттандырылсын..
 3. Қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары жалғастырылып, қосымша сабақтар әкімшілік тарапынан бақылауға алынсын.
 4. Олимпиадалық резерв және және оқушылармен дайындық жұмыстары нәтижесі бағытталып жүргізілсін.
 5. Жас мамандар мектебінің жұмысы жоспарлы түрде жалғастырылып, «Үздік жас маман».
 6. Биология пәнін ағылшын тілінде оқитын 9 Б сыныбының оқу процесін жоспар бойынша бақылау жалғастырылсын.
 7. Абай желісі бойынша оқитын сыныптардың оқу процесін бақылау жалғастырылсын.
 8. Мектептегі қауіпсіздік техникасы: қағидалар мен нұсқаулар уақытылы орындалсын. Мектептердегі қауіпсіздік шаралары жетілдіріп отырсын және төтенше жағдайғ дайындық жоспары жаңартылсын.

Төрайымы:

Хатшы:



Д.Искакова

Т.Даулеткалиева